

Ахантаева Ә.Ж. – қауымдастырылған профессор

Ахантаева Г.Ж. – магистр

Қазақстан. Алматы

**Әбубәкір Диваев - қазақ этнопедагогикасының негізін салушы
педагог, этнограф, фольклоршы**

Әбубәкір Диваев 1855 жылы 6 желтоқсанда қазіргі Башқұртстан Республикасының Аургазин ауданында бұрынғы Уфа губерниясының Стерлитамак ауданы Тукаево ауылында Ахметжан Шағимұратұлы Диваев отбасында дүниеге келген. Әкесі 25 жыл патша армиясында әскери қызмет атқарып көптеген шендер мен наградалармен марапатталған. Ол фольклоршы, этнограф. 1876 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген, әскери гуманитарлық дайындықтан өткен, өте еңбекқор. Оқуын аяқтаған соң Түркістанға жіберіліп Әулиеата уезінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. Одан кейін Түркістан әскери губернаторы қарамағында тілмәш болды.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру мәселелерімен ХІХ-ғасырдың аяғы мен ХХ-ғасыр басында бір топ орыс ғалымдары айналысты. Олардың ішінде Сырдария генерал-губернаторы Н.И.Гродековтың 1884 ж. қазақ, өзбек, қырғыз халқы ауыз әдебиетін жинауды қолға алып, бұл жұмысты жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін жетік білетін Орынбор кадет корпусінің түлегі Ә.Диваевқа тапсырды. Ол араб, парсы тілдерімен қоса қазақ, өзбек, тәжік тілдерін де жетік білетін еді.

Ә.Диваев белгілі түркітанушы В.Н.Наливкинмен, тарихшы, этнограф, филолог А.Н.Вышнеглядскиймен жүздесіп, ақыл-кеңес ала отырып, зерттеу жұмысының жоспарын жасады. Ел аузындағы ертеңгі, аңыз-әңгіме, батырлар жырын жетік білетін қариялармен пікірлесіп, олардың білгендерін жазып алып жіберіп отыратын мұғалім-молдаларды бұл іске тартты. Өзі жинаған материалдардың бір тобын Ресей география қоғамының Қазандағы бөлімшесіне

жіберіп отырды. Сондай-ақ 1886 ж. Ташкентте шыға бастаған «Түркістан уалаяты» газетінде жариялады. Диваев Кадет корпусында оқып жүріп қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті жинаумен шұғылданды. Сыр бойын, Өмудария бойы мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ертегілерін, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын, жыр үлгілерін жинады, әдет-ғұрпымен, тұрмысымен танысты. Диваев ғылыммен шұғылданған елу жылдық (1883-1933) өмірінде қазақ халқының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, әзіл-сықақтарын, дастандарын, т.б. қамтитын *100-ден аса* еңбек жариялады. Диваев 1896 ж. 22 қаңтарда Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесіне мүше болып қабылданды. Диваев *"Шора батыр", "Бекет батыр", "Алпамыс батыр", "Кобыланды батыр", "Ер Тарғын", "Айман-Шолпан"* жырларын, көптеген ертегілер, шешендік сөздерді жинап, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Диваев Сырдария қазақтарының өмірінен көлемді этнографиялық материалдар жинады. Мысалыға алатын болсақ егіншілікке байланысты: «Диқандар қырмандағы астықтарын суырып тазалап алулары үшін “Жалаңаш атаға” жалбарынып, тілек айтып жел шақыруын сұрап өтінген:

“...О, Жалаңаш ата,
Шақыр, шақыра гөр желінді,
Қара тұмандай түйілісін
Борандатып желдетсін...”.

Бұл өлеңді А.Диваев Перовскі уезіне қарасты Қысбөгет болыстығының тұрғыны, руы алшын Пірмұхаммед Таймановтан жазып алған. Астық пісіп, орақ түсер кезде қатты жел тұрып, нөсерлетіп жаңбыр жауып диқандарға қиындықтар туғызған. Осы кезде ауыл кемпірлері сырыққа (ұзын таяқ) мінеді, оған әртүрлі шүберектер байлаған, тіптен кейде кемпірлер беттеріне күйе жағып алып, ауыл ішінде ары-бері жүгіріп кездескен ер адамдарға айтатын арнайы арнау өлеңдері болған.

Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында және Орта Азия университетінің шығыс факультетінде дәріс бере жүріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын

жалғастырды. 1920 жылдан Түркістан Халық ағарту комиссариатының Қырғыз (қазақ) ғылыми комиссиясының мүшесі ретінде Сырдария, Жетісу облыстарына жасаған экспедицияларды басқарды. Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М. Мелиоранский, В.А. Гордлевский, В.В. Бартольд т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Қазақтың біртуар азаматы М. Шоқай былай деп өзінің пікірін жазып қалдырған екен «Әбубәкір мырзаның қолынан шығып таралған сөздер көп. Мысалы: Ерназар Бекет (Бекет батыр), Шора батыр, Алпамыс батыр... Бұлардан басқа нешетүрлі өлеңдер, жар-жар, беташар, бала жұбату, құдалық жайы, біздің кәдімгі аты шулы атқа мінеріміздің жайы, ертегілер, мақалдар...тағы, тағылары толып жатыр. Біраз жылдан бері Әбубәкір мырза денсаулығы нашар болып, бұрынғыдай жаза алмай жүр. Сонда да әлі қазақ өлеңдерін жинаудың соңында. «Құдай сәтін салған кезде тәржімә етермін» дейді. Қазақтың өзінен басқаларға түсінуге қиын бір сөздер кез келіп қиналыңқырамаса, Әбубәкір мырзаның тәржімә еткен тілі тым-ақ жатық. Бұл кісі қазақ халқына ғылым жолымен таныс орыс ғалымдарының бәріне көптен белгілі. Кітаптарының біразын Қазан университеті бастырып шығарған.

Биыл Әбубәкір мырзаның бұл қызметіне 25 жыл толды. Газеттің қысқа жолында бұ кісінің бізге қанша пайда келтіргенін айтып шығып болмайды.

1904 ж. Диваевтың қатынасымен Ташкентте мұсылман зиялыларының әуесқой театрын ұйымдастырды. Онда Диваев өзінің "Махаббат машақаты" атты пьесасын қойды. 1915 ж. Диваевтың ғылыми қызметінің 25 жылдығы аталып өтіліп, "Қазақ", "Туркестанские ведомости", "Живая старина" газеттерінде оған арнау мақалалар жарияланды.

Әбубәкір Ахметжанұлы 1933 жылы, Ташкентте қайтыс болды

Диваевтың қатысуымен 1895 жылы Қожа Ахмет Иасауи мешітінен табылған көне жазулар Түркістан өлкесі тарихын зерттеуге қойылған елеулі үлес болды. Ол тапқан көне мөрдің ортасындағы шеңберле Қожа Ахмет Иасауи есімі жазылып, "хижраның 1212 жылы" деген белгі бар. Қорқыт Ата бейіті су үңгіп, жоғалып кету алдында тұрғанын айтып, жергілікті әкімшіліктен адамзат

мәдениеті тарихындағы қымбат ескерткішті қорғауға алуды сұраған. Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М. Мелиоранский, А.В. Гордлевский, В.В. Бартольд сияқты ғалымдар жоғары бағалаған. Әбубәкір Диваевтің аты Қазақстанның ірі қалалары - Астана, Алматы, Шымкенттегі көшелерге берілген.

А.Диваев 100-ге тарта ғылыми еңбек қалдырды. Ол жинаған қазақтың батырлар жыры 1922-23 ж.ж. Ташкентте тұңғыш 9 том болып басылды.

Диваев "қазақ" сөзінің шығу тарихы туралы да өз пікірін, білдіреді.

Ташкентте оқып жүрген азын-аулақ қазақ балаларына Әбубәкір мырза қолынан келген жәрдемін тартынбай тигізіп жүреді. Әсіресе, Ташкент гимназиясында оқитын бір қазақ баласын өз үйіне, бір тиын пұл алмастан сақтап оқытып жүрді. Ол жігіт гимназияны бітіріп, студент болып жүрген кезінде де таршылықта Әбубәкір мырзадан көп жәрдем көріп тұрды.

Қорыта келе Диваев біріншіден қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажетті дүние деп қараса, екіншіден жиналған материалдарды орыс тіліне аударып, бастыру арқылы қазақтың көне мәдени мұрасымен орыс, батыс халық өкілдеріне таныстыруды көздеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқаев М. «Әбубәкір Диваев» // Қазақ. 1915. 31 қазан
2. Гордлевский В.А. Аубакир Диваев, "Живая старина". 1916.
3. Смирнов Н. С., А.Диваев-фольклорист, "Вестник АН КазССР", 1957, N1.
4. Диваев Ә. Тарту./ Құрастырған, алғы сөзін және түсіндірмелерін жазған Оразбаева Ф. –Алма-Ата: Ана тілі, 1992. –255 б.
5. Диваев А.А. Призыв ветра // ТВ. - 1892. - № 41.
6. Диваев А.А. Заклинания и призыв ветра // ТВ. - 1910. № 182.
7. Қазақ Энциклопедиясы. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» 2010.